

Атаулы күндер мен мереке күндеріне орай алушылардың жекелеген санаттары үшін әлеуметтік көмектің мөлшерлерін белгілеу туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Качир аудандық мәслихатының 2014 жылғы 28 сәуірдегі № 2/29 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 30 сәуірде № 3782 болып тіркелді. Күші жойылды – Павлодар облысы Тереңкөл аудандық мәслихатының 2019 жылғы 15 тамыздағы № 1/48 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен

Ескерту. Күші жойылды – Павлодар облысы Тереңкөл аудандық мәслихатының 15.08.2019 № 1/48 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 2-3-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Үлгілік қағидаларын бекіту туралы" № 504 қаулысының 10-тармағына сәйкес Качир аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

Атаулы күндері мен мереке күндеріне орай алушылардың жекелеген санаттары үшін әлеуметтік көмектің келесі мөлшерлері белгіленсін, атап айтқанда:

9 мамыр - Жеңіс Күніне орай:

Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне (бұдан әрі – ҰОС) 150000 (бір жүз елу мың) теңге, сондай-ақ 5000 (бес мың) теңге сомаға азық-түлік жиынтығы;

ҰОС қатысушылар мен мүгедектеріне жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан теңестірілген адамдарға, атап айтқанда:

бұрынғы КСР Одағы үкімет органдарының шешімдеріне сәйкес басқа мемлекеттің аумақтарындағы ұрыс қимылдарына қатысқан - Совет Армиясының, Әскери-Теңіз флотының, Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің әскери қызметшілеріне, бұрынғы КСР Одағы Ішкі істер министрлігінің қатардағы және басқарушы құрамының адамдарына (әскери мамандар мен кеңесшілерді қоса есептегенде); жаттығу жиындарына шақырылып, ұрыс қимылдары жүріп жатқан кезде Ауғанстанға жіберілген әскери міндеттілер; ұрыс қимылдары жүріп жатқан осы елге жүк жеткізу үшін Ауғанстанға жіберілген автомобиль батальондарының

әскери қызметшілеріне; бұрынғы КСР Одағының аумағынан Ауғанстанға жауынгерлік тапсырмаларды орындау үшін ұшулар жасаған ұшу құрамының әскери қызметшілеріне; Ауғанстандағы кеңес әскери құрамына қызмет көрсеткен жараланған, контузия алған немесе зақымданған, яки ұрыс қимылдарын қамтамасыз етуге қатысқаны үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдерімен наградталған жұмысшылар мен қызметшілеріне 10 АЕК мөлшерінде;

1986 - 1987 жылдары Чернобыль АЭС-ындағы апаттың, сондай-ақ азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың зардаптарын жоюға қатысқан, сондай-ақ ядролық сынақтар мен жаттығуларға тікелей қатысқан адамдарға 10 АЕК мөлшерінде;

жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан соғысқа қатысушыларға теңестірілген адамдардың басқа санаттарына, атап айтқанда:

қайтыс болған соғыс мүгедектерінің және соларға теңестірілген мүгедектердің әйелдеріне (күйеулеріне), сондай-ақ қайтыс болған соғысқа қатысушылардың, партизандардың, астыртын күрес жүргізген адамдардың, " Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен және "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны " белгісімен наградталған, жалпы ауруға шалдығудың, еңбек ету кезінде зақым алуының нәтижесінде және басқа себептерге (құқыққа қайшы келетіндерінен басқаларына) байланысты мүгедек деп танылған азаматтардың басқа некеге тұрмаған әйелдеріне (күйеулеріне) 10 мөлшерінде;

1988 - 1989 жылдардағы Чернобыль АЭС-ындағы апаттың зардаптарын жоюға қатысқан, оқшаулау аймағынан Қазақстан Республикасына қоныс аудартқан (өз еркімен көшкен) адамдарға қоныс аудартқан күні анасының құрсағындағы балаларды қоса алғанда 10 АЕК мөлшерінде;

ҰОС жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдарға 10 АЕК мөлшерінде;

бейбіт уақытта әскери қызметін өткеру кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшілердің отбасыларына 10 АЕК мөлшерінде;

1941 жылғы 22 маусымнан 1945 жылғы 9 мамырға дейін 6 айдан кем емес жұмыс істеген (қызмет атқарған) және ҰОС жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталмаған адамдарға 5 АЕК мөлшерінде;

1 қазан - Халықаралық қарттар күніне орай:

зейнеткерлік жасқа толған, зейнетақының ең төмен мөлшерін және (немесе) жәрдемақы алатын адамдарға, атап айтқанда:

зейнеткерлік жасқа толған азаматтарға 1,2 АЕК мөлшерінде;

80 жастан бастап және одан асқан азаматтарға 2,9 АЕК мөлшерінде;

казанның екінші жексенбісі – Қазақстан Республикасының Мүгедектер күніне орай:

он сегіз жасқа дейінгі мүгедек балаларға 2,3 АЕК мөлшерінде;

бірінші, екінші топ мүгедектеріне 2,3 АЕК мөлшерінде;

кәмелеттік жасқа толмаған балалары бар мүгедектерге 2,3 АЕК мөлшерінде;

8 Наурыз - Халықаралық әйелдер күніне орай: он сегіз жасқа дейінгі балалары бар отбасыларға мемлекеттік жәрдемақы алатындар қатарындағы көп балалы аналарға 2,4 АЕК мөлшерінде.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерістер енгізілді - Павлодар облысы Качир аудандық мәслихатының 22.10.2014 N 9/36 (жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.02.2015 N 1/40 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың әлеуметтік сала және заңдылық жөніндегі тұрақты комиссияға жүктелсін.

Осы шешім алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

А. Ниқанбекова

*Качир аудандық мәслихаттың
хатшысы*

С. Баяндинов

"КЕЛІСІЛДІ"

*Павлодар облысы әкімінің
міндетін атқарушы
"18" сәуір 2014 жыл*

Д. Тұрғанов